

2015–2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Түпқараған аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсанда № 27/189 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 31 желтоқсанда № 2573 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және «2015–2017 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Маңғыстау облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 21/304 шешіміне сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2567 болып тіркелген), аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. 2015 - 2017 жылға арналған аудандық бюджет қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2015 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:
 - 1) кірістер - 6 006 808,3 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер - 3 854 559,0 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 4 872,8 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 67 399,0 мың теңге;
 - трансферттердің түсімдері - 2 079 977,5 мың теңге;
 - 2) шығындар - 6 240 058,4 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу - 16 626,0 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 20 616,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 3 990,0 мың теңге;
 - 4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0 теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 0 теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 249 876,1 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 249 876,1 мың теңге,
- оның ішінде:
- қарыздар түсімі - 14 670,0 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу - 3 990,0 мың теңге;
- бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары - 239 196,1 мың теңге.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық

мәслихатының 11.12.2015 № 35/240 шешімімен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) .

2. 2015 жылға арналған аудан бюджетіне кірістерді бөлу нормативтері мынадай көлемде белгіленсін:

- 1) төлем көзінен ұсталатын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
- 2) төлем көзінен ұсталмайтын кірістен алынатын жеке табыс салығы – 15,4 пайыз;
- 3) Шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
- 4) Шетел азаматтарының кірістерінен төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығы – 100 пайыз;
- 5) әлеуметтік салық – 100 пайыз.

Ескерту. 2 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 29/199 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. 2015 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 310 121 мың теңге сомасында бюджеттік алымдар белгіленсін.

4. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға ;

үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақыны көтеруге ;

мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемақы төлеуге;

Ескерту. 4 - тармақтың төртінші абзацы алынып тасталды - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 29/199 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

«Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыруға ;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге;

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге ;

Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға;

«Жұмыспен қамту–2020» бағдарламасы шеңберінде ауылдық елді мекендерді
д а м ы т у ғ а .

5. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі
аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын нысаналы даму трансферттері
к ө з д е л г е н і е с к е р і л с і н :

елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға.

Ескерту. 5 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық
мәслихатының 30.03.2015 № 29/199 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа
е н г і з і л е д і) .

6. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте бөлу және (немесе) пайдалану тәртібі
аудан әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалатын бюджеттік кредиттер көзделгені
е с к е р і л с і н :

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға.

7.«7. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмектерді төмендегідей
мөлшерде белгілеуге құқық берілсін:

21–23 наурыз – Наурыз мейрамы:

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көп балалы аналар немесе
бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежедегі «Ана даңқы» орденімен
марапатталғандарға – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге
және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

26 сәуір – Чернобыль атом электр станциясындағы апат күні:

Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою салдарынан мүгедек болған
адамдарға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1986–1987 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға
қатысушыларға – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

1988–1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жоюға
қатысушыларға – 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі:

барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге
және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық есептік
к ө р с е т к і ш ;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне
теңестірілген адамдарға (Чернобыль атом электр станциясындағы апатты жою
салдарынан мүгедек болған адамдардан басқа) – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына
теңестірілген адамдарға (1986–1987 жылдардағы Чернобыль атом электр

станциясындағы апатты жоюға қатысушылардан басқа) – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш ;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар–ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата–аналары және екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ауғанстандағы немесе соғыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі соғыс қимылдары кезінде қаза тапқан (хабар–ошарсыз кеткен) немесе жаралану, контузия алу, мертігу, ауру салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

бейбіт уақытта әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет атқару кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

сәуле аурулары салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектердің, сондай-ақ қайтыс болуы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне белгіленген тәртіппен байланысты болған азаматтардың отбасыларына – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш ;

қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және соларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (күйеулеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен және «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне) – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш ;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап

шеккен азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге;
1 маусым – Балаларды қорғау күні:
мүгедек балаларға және 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге – 5 (бес) айлық
есептік көрсеткіш;

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:
асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға
(балаларға) – 8 (сегіз) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы
тағайындалған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1991 жылға дейін Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес
зейнетақы тағайындалған тұлғаларға – 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;

1 қазан – Халықаралық қарттар күні:
жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар мен 70 жастан асқан
зейнеткерлерге – 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш;

6 қазан – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні:
барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге
және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні:
барлық топтың мүгедектеріне, 16 жастан 18 жасқа дейінгі бала кезінен мүгедектерге
және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш.

Өмірлік қиын жағдайда деп танылған азаматтарға табысы есептелмей көрсетілетін
әлеуметтік көмек:

мемлекеттік зейнетақы, жәрдемақы берілмеген кезде, онкологиялық ауруларға,
мамандандырылған туберкулезге қарсы медициналық ұйымнан шыққан ауруларға,
иммун тапшылығы вирусын жұқтырған тұлғаларға жылына бір рет – 25 (жиырма бес)
айлық есептік көрсеткіш;

18 жасқа дейінгі үйден оқитын мүгедек балаларға ай сайын – 5 (бес) айлық есептік
көрсеткіш;

табиғи зілзалану немесе өрттің салдарынан зиян шеккен адамдарға (отбасыларға)
өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап алты айдан кешіктірмей, жылына бір рет
– 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш.

Өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға табысы есептеліп көрсетілетін
әлеуметтік көмек:

өтініш жасалған тоқсанның алдындағы тоқсанға жан басына шаққандағы орташа
табысы Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 еселік ең төменгі күнкөріс
деңгейінен төмен отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге,
дәрі-дәрмек алуға, мектепке керек-жарақтарын алуға немесе отбасының бір мүшесі
қайтыс болуына байланысты жылына бір рет 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен
аспайтын мөлшерде.

Табысын есепке алмай және мамандық таңдауға шектеу қоймай Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында оқитын мүгедек студенттерге және өтініш жасаған айдың алдындағы он екі айда жан басына шаққандағы орташа табысы, Маңғыстау облысы бойынша белгіленген 1,5 еселік ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен табыстары бар келесі санаттағы адамдарға көрсетілетін әлеуметтік көмек ағымдағы қаржы жылына арналған бюджет қаражаты шегінде жылына бір рет білім беру ұйымдарына оқуды төлеуге арналған нақты шығындар бойынша және ай сайын тамақтану мен жатақ шығындарын ішінара жабуға – 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш:

Қазақстан Республикасының оқу орындарында бакалаврдың академиялық деңгейін алу үшін күндізгі бөлімде оқитын студенттерге;
тұл жетімдерге немесе балалар үйінде және балалар ауылында тәрбиеленуші студенттерге;

ата–анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек немесе екеуі де зейнеткер студенттерге;

ата–анасының біреуі қайтыс болған студенттерге;
бірге тұратын кәмелеттік жасқа толмаған кемінде төрт және одан да көп баласы бар отбасының орташа, техникалық және кәсіби, орташадан кейінгі білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орнында күндізгі бөлімде оқитын 23 жастан аспаған балаларына көрсетіледі.

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек, жылына бір рет – 12100 (он екі мың бір жүз) теңге.

Ескерту. 7 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 29/199 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) .

8. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ескерту. 8 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 29/199 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) .

9. Ауданның жергілікті атқарушы органның резерві 5000 мың теңге сомасында бекітілсін .

10. 4–қосымшаға сәйкес аудандық бюджеттің атқарылу үдерісінде секвестрге жатпайтын 2015 жылға арналған бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

11. 5 қосымшаға сәйкес 2015 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдардың, ауылдық округтердің бюджеттік бағдарламалар тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 11 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.10.2015 № 34/230 шешімімен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) .

12. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы:

А.Набиев

Аудандық мәслихат хатшысы:

А. Досанова

« К Е Л І С І Л Д І »

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

б а с ш ы с ы :

Ж . Т ө л е г е н

24 желтоқсан 2014 жыл

Түпқараған аудандық мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 27 / 189 шешіміне
1-ҚОСЫМША

2015 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 11.12.2015 № 35/240 шешімімен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. КІРІСТЕР	6 006 808,3
1			Салықтық түсімдер	3 854 559,0
	1		Табыс салығы	244 907,5
		2	Жеке табыс салығы	244 907,5
	3		Әлеуметтік салық	163 323,5
		1	Әлеуметтік салық	163 323,5
	4		Меншікке салынатын салықтар	3 316 352,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	3 230 394,0
		3	Жер салығы	52 031,0

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	33 671,0
		5	Бірыңғай жер салығы	256,0
5			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	126 334,0
		2	Акциздер	3 268,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	105 474,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	17 592,0
7			Басқа да салықтар	221,0
		1	Басқа да салықтар	221,0
	8		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3 421,0
		1	Мемлекеттік баж	3 421,0
2			Салықтық емес түсімдер	4 872,8
	1		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4 717,8
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	13,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4 699,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	5,8
	4		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	155,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	155,0
	6		Басқа да салықтық емес түсімдер	0,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	67 399,0
	1		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2 499,0
		3	Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер	2 499,0
	3		Жерді және материалдық емес активтерді сату	64 900,0
		1	Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	64 900,0
4			Трансферттердің түсімдері	2 079 977,5

	2		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 079 977,5
		3	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 079 977,5
Функ-цион . топ	Бюджеттік бағдар-ламалар әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы, мың теңге
			2. ШЫҒЫНДАР	6 240 058,4
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	435 719,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	15 889,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 889,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	101 441,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	82 858,0
		003	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	18 583,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	18 433,0
		001	Форт-Шевченко қаласы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 273,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	160,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	20 523,0
		001	Ақшұқыр ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17 535,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 988,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	24 337,0
		001	Баутин ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24 077,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	260,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	15 955,0
		001	Қызылөзен ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 505,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	450,0
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 000,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	15 999,0
		001	Таушық ауылы әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 699,0

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	1 300,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	15 125,0
		001	Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14 953,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	172,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	4 003,0
		003	Салық салу мақсатында мүлкті бағалауды жүргізу	393,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 610,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	175 655,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	33 526,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 714,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	135 415,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 359,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23 519,0
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 840,0
2			Қорғаныс	7 919,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	7 919,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7 919,0
3			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметі	5 474,0
	499		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі	5 474,0
		001	Жергілікті деңгейде азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 388,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 086,0
4			Білім беру	2 482 726,0

123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	10 353,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	10 353,0
123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	13 222,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	13 222,0
123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	51 015,0
	041	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	51 015,0
123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	117 934,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	42 778,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	75 156,0
123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	89 544,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	44 357,0
	041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	45 187,0
123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	40 147,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	40 147,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	145 728,0
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	90 524,0
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	55 204,0
123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	33 539,0
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	33 539,0
123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	17 838,0
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	17 838,0
123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	37 119,0
	005	Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	37 119,0
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1 533 791,0
	003	Жалпы білім беру	1 426 920,0
	006	Балаларға қосымша білім беру	106 871,0
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	34 927,0

		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	34 927,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	129 359,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 510,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	36 036,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	5 084,0
		012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	24 480,0
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынғы ақшалай қаражат төлемі	3 778,0
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	446,0
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	39 025,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	198 191,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	198 191,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	30 019,0
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	30 019,0
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	183 917,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 634,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	2 634,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	548,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	548,0
	123		Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	2 454,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	2 454,0

123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	1 131,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	1 131,0
123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	3 549,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	3 549,0
123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	837,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	837,0
123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	425,0
	003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	425,0
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	172 223,0
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	16 813,0
	004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	7 270,0
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 476,0
	006	Тұрғын үй көмегін көрсету	15,0
	007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	111 949,0
	010	Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	951,0
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1 941,0
	016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	2 840,0
	017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету	4 255,0
	052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	3 250,0
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды және жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 488,0
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1 287,0
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360,0

		025	«Өрлеу» жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	1 328,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	116,0
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	116,0
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	2 296 816,7
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	150,0
		027	«Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	150,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	120,0
		027	«Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	120,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	1 787,0
		027	«Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» Бағдарламасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	1 787,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	909 638,7
		003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, және (немесе) салу, реконструкциялау	21 252,0
		004	Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, және (немесе) жайластыру	888 386,7
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	351 122,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	351 122,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	635 294,0
		058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	635 294,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	71 160,0
		005	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	1 000,0
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	70 160,0
	123		Форт-Шевченко қаласы әкімінің аппараты	45 455,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	27 590,0

		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	17 865,0
123			Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	77 169,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	38 596,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	22 322,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	16 251,0
123			Баутин ауылы әкімінің аппараты	13 102,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	7 699,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 403,0
123			Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	5 104,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3 797,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 307,0
123			Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	63 595,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	40 173,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	21 587,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 835,0
123			Таушық ауылы әкімінің аппараты	24 429,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	8 929,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	15 500,0
458			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	98 691,0
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	83 644,0
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2 400,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	12 647,0
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	181 608,0
123			Ақшұқыр ауылы әкімінің аппараты	15 199,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	15 199,0
123			Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	11 608,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	11 608,0
123			Таушық ауылы әкімінің аппараты	13 052,0
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	13 052,0
466			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 912,0
		011	Мәдениет объектілерін дамыту	1 912,0
478			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	29 150,0
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	29 150,0
802			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	11 663,0
		005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	11 663,0

465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	19 576,0
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 072,0
	005	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	2 588,0
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	4 013,0
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3 903,0
802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	15 923,0
	006	Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	14 561,0
	015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	14 294,0
	007	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	862,0
	008	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	500,0
470		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, тілдерді дамыту бөлімі	1 120,0
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	1 120,0
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	18 128,0
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	3 400,0
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	14 728,0
802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	8 384,0
	004	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	8 384,0
470		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі	12 081,0
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру, тілдерді және мәдениетті дамыту саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 685,0
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	275,0
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	5 121,0
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	19 322,0
		Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру	

		001	, тілдерді және мәдениетті дамыту саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 476,0
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	8 846,0
	802		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімі	4 490,0
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 490,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	72 662,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 706,0
		099	Мамандарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	7 706,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	52 405,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	46 055,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	6 350,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	12 551,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 051,0
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500,0
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	0,0
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	0,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	13 553,0
	466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	8 972,0
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайлы және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	8 972,0
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	0,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	2 312,0

		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 312,0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	2 269,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 023,0
		003	Аудан аумағында қала құрылысын дамыту схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	246,0
12			Көлік және коммуникация	366 282,3
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	366 282,3
		022	Көлік инфрақұрылымын дамыту	283 367,0
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	82 915,3
13			Басқалар	47 429,0
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 328,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 328,0
	123		Қызылөзен ауылы әкімінің аппараты	1 455,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1 455,0
	123		Баутин ауылы әкімінің аппараты	23 740,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	23 740,0
	123		Таушық ауылы әкімінің аппараты	4 207,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4 207,0
	123		Сайын Шапағатов ауылдық округі әкімінің аппараты	4 023,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4 023,0
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0,0
		040	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	0,0

	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0,0
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	0,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 676,0
		041	«Өңірлерді дамыту» Бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	4 676,0
14			Борышқа қызмет көрсету	5,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5,8
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	5,8
15			Трансферттер	145 946,6
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	145 946,6
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	527,6
		007	Бюджеттік алып қоюлар	145 419,0
			3. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТТЕУ	16 626,0
			Бюджеттік кредиттер	20 616,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	20 616,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20 616,0
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	20 616,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	3 990,0
			4. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША САЛЬДО	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			5. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ (ПРОФИЦИТ)	-249 876,1
			6. БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫН (ПРОФИЦИТІН ҚОЛДАНУ) ҚАРЖЫЛАНДЫРУ	249 876,1
7			Қарыздар түсімі	14 670,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	14 670,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	14 670,0

16			Қарыздарды өтеу	3 990,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 990,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	3 990,0
8			Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	239 196,1
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	239 196,1
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	239 196,1

Түпқараған аудандық мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 27 / 189 шешіміне
2-ҚОСЫМША

2016 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2 - қосымша жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Түпқараған аудандық мәслихатының 29.10.2015 № 34/230 шешімімен(01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Атауы	Сомасы, мың теңге
			1. КІРІСТЕР	5 771 237
1			Салықтық түсімдер	5 336 985
	1		Табыс салығы	447 004
		2	Жеке табыс салығы	447 004
	3		Әлеуметтік салық	390 762
		1	Әлеуметтік салық	390 762
	4		Меншікке салынатын салықтар	4 358 205
		1	Мүлікке салынатын салықтар	4 254 398
		3	Жер салығы	60 954
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	42 492
		5	Бірыңғай жер салығы	361
	5		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	133 519
		2	Акциздер	6 826
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	116 183
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	10 510
	7		Басқа да салықтар	271

		1	Басқа да салықтар	271
